

№63 Жалпы білім беретін орта мектеп лицейі

Тәрбие сағаты

Тақырыбы: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес»

Өткізген: Жетпісбаева А.Ж.

Жемқорлық



2018-2019 жыл

Сабақтың тақырыбы: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес»

Тәрбие сағатының мақсаты:

Мақсаты:

1. «Сыбайлас-жемқорлық» деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру.
2. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту.
3. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

- Сыбайлас-жемқорлық деген не?
(оқушылардың пікірлері тыңдалады)

Баяндамашы: Сыбайлас-жемқорлық деген не?

«Сыбайлас-жемқорлық» деген «параға сатып алу», «пара» ретінде, "corruptio" деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ "concupire" түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік берген де, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас-жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды.

ҚР «Сыбайлас-жемқорлықпен күрес туралы» Заңы сыбайлас-жемқорлыққа келесідей анықтама береді. Ол: «...мемлекеттік міндеттерді орындайтын адамдар, сондай-ақ соларға теңелген адамдар, өздерінің лауазымды құзыреттерін және онымен байланысты мүмкіншілікті немесе өз құзыреттерін басқаша пайдаланып мүліктік пайда алу үшін заңмен қарастырылмаған мүліктік жайлылықты және артықшылықты қабылдау, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен аталмыш жайлылықты және артықшылықты оларға заңсыз беруге осы адамдарды парамен сатып алу».

2001 жылы Мексикада БҰҰ - ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясына қол қоюға арналған. Дүниежүзілік конференция ашылды
БҰҰ. 2003 ж 9 желтоқсан күнін халық - қ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күн деп жариялады.

1 - оқушы

Жамандыққа тосқауылды қояйық,
Пара алғанның жолы жабық қой анық,
«Қазақстан - 2050»- айқын жол,
Күресейік, жемқорлықты жояйық.

2- оқушы

Әр ата - ана өнеге берсін балаға,
Тәрбиесіз шоқ жұлдыздың жанама,
Адалдыққа, даналыққа үйретсең,
Жолдан таймас ар болған соң санада.

3 - оқушы

Пара алғандар темір тордан әрі асар,
Алса да оны мойындамай санасар,
Беделі кетіп, қайыры қашып ортадан,
Мәнді өмірі енді қайтіп жарасар.

4 - оқушы

Қазақ елі байтақ болсын десеңіз,
Жемқорлықтың жолын бірге кесеміз,
Сонда ғана жер гүлденер, ел байып,
Сонда ғана шарықтаймыз, өсеміз.

5 - оқушы

Егеменді өсер елде тұрам Мен,
Білдіремін сезімімді жыр - әнмен.
Жолыменен Елбасының жүрейік,
«Жемқорлыққа жол жоқ»- деген ұранмен.

Топтық жұмыс: «Егер мен болашақта Қазақстан Республикасының президенті болсам, сыбайлас жемқорлықпен қалай күресер едім?»

(Әр топ постерге өз ой-пікірлерін жазып, қорғайды)

Сахналық көрініс (Әр топтан екі оқушы шығып, берілген мәтінге байланысты өз іс- әрекеттерін көрсетеді)

Сыбайлас-жемқорлықты қалай жоюға болады?

- 1.Пара бермеу және алмау.
- 2.Мақсаты нәтижелерге жету үшін,өз мүмкіншілігіңмен жетуге тырыс.
- 3.Парақорлықты көрсеңіз жергілікті органдарға және ақпарат көздеріне хабар беріңіздер.

Адамгершілік, әділеттілік туралы мақал-мәтелдер .

- 1.Адамгершілік болмай,
Әділдік болмас.
 - 2.Адамның ұяты бетінде,
Адамгершілігі ниетінде.
 - 3.Адамгершілікке арналған үш сауап бар: Шөлге құдық қазған бір сауап,
Өзенге көпір салған бір сауап,
Жолға ағаш еккен бір сауап.
 - 4.Адалдық — ардың ісі.
 - 5.**ШЫНДЫҚ ЖОҚ ЖЕРДЕ СҰМДЫҚ КӨП.**
 - 6.Адамның әдемілігі шыншылдығында.
 - 7.Ақиқат сөзде алалық жоқ.
 - 8.Әділ айтқан жеңер.
 - 9.Әділдікке жығылмайтын адам жоқ.
 - 10.Әкімің әділ болмаса жұрт бұзылады,
Саудаң әділ болмаса нарық бұзылады.
- Мемлекеттік құрылымдардың қандай әрекеттері жемқорлыққа жатады? Басқа мемлекеттік органдар, мекемелердің жұмысына заңсыз жолмен араласу;

ЖЕМҚОРЛЫҚ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Жемқорлық (лат. corruptio - сатып алу) – мемлекеттік басқару құрылымдарындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке бастарының пайдасы мен мүддесі үшін пайдалану мақсатында жасаған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекеттері.



Жемиқорлық



Жемкорлық індет, жою міндет



**СЫБАЙЛАС
ЖЕМКОРЛЫҚ**

№63 жалпы білім беретін орта мектеп-лицейі



Тәрбие сағатының тақырыбы:

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!»

Өткізген: А.Н. Жұмағұлова

Класы: 1 «Ә»

Ақтөбе, 2018 жыл

Хелде

Сабақтың тақырыбы: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес»

Күні. 04.12.18ж

Тәрбие сағатының мақсаты:

Мақсаты:

1. «Сыбайлас-жемқорлық» деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру.
2. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту.
3. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу.

Сабақтың барысы:


1. Ұйымдастыру кезеңі:

-Сыбайлас-жемқорлық деген не?

(оқушылардың пікірлері тыңдалады)

Баяндамашы: Сыбайлас-жемқорлық деген не?

«Сыбайлас-жемқорлық» деген «параға сатып алу», «пара» ретінде, "corruptio" деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ "corrumpere" түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік берген де, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас-жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлер сатқындығы ретінде сипаттайды.



ҚР «Сыбайлас-жемқорлықпен күрес туралы» Заңы сыбайлас-жемқорлыққа келесідей анықтама береді. Ол: «...мемлекеттік міндеттерді орындайтын адамдар, сондай-ақ соларға теңелген адамдар, өздерінің лауазымды құзыреттерін және онымен байланысты мүмкіншілікті немесе өз құзыреттерін басқаша пайдаланып мүліктік пайда алу үшін заңмен қарастырылмаған мүліктік жайлылықты және артықшылықты қабылдау, сондай-ақ

жеке және заңды тұлғалармен аталмыш жайлылықты және артықшылықты оларға заңсыз беруге осы адамдарды парамен сатып алу”.

2001 жылы Мексикада БҰҰ - ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясына қол қоюға арналған. Дүниежүзілік конференция ашылды


БҰҰ. 2003 ж 9 желтоқсан күнін халық - қ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күн деп жариялады.




1 - оқушы
Жамандыққа тосқауылды қояйық,
Пара алғанның жолы жабық қой анық,
«Қазақстан - 2050»- айқын жол,
Күресейік, жемқорлықты жояйық.

2- оқушы
Әр ата - ана өнеге берсін балаға,
Тәрбиесіз шоқ жұлдыздың жанама,
Адалдыққа, даналыққа үйретсең,

Жолдан таймас ар болған соң санада.



Пара алғандар темір тордан әрі асар,
Алса да оны мойындамай санасар,
Беделі кетіп, қайыры қашып ортадан,
Мәнді өмірі енді қайтіп жарасар



4 - оқушы

Қазақ елі байтақ болсын десеңіз,
Жемқорлықтың жолын бірге кесеміз,
Сонда ғана жер гүлденер, ел байып,
Сонда ғана шарықтаймыз, өсеміз.

5 - оқушы

Егеменді өсер елде тұрам Мен,
Білдіремін сезімді жыр - әнмен.
Жолыменен Елбасының жүрейік,
«Жемқорлыққа жол жоқ»- деген ұранмен.

Топтық жұмыс: «Егер мен болашақта Қазақстан Республикасының президенті болсам, сыбайлас жемқорлықпен қалай күресер едім?»

(Әр топ постерге өз ой-пікірлерін жазып, қорғайды)




Сахналық көрініс (Әр топтан екі оқушы шығып, берілген мәтінге байланысты өз іс-әрекеттерін көрсетеді)

Сыбайлас-жемқорлықты қалай жоюға болады?

- 1.Пара бермеу және алмау.
- 2.Мақсаты нәтижелерге жету үшін,өз мүмкіншілігіңмен жетуге тырыс.
- 3.Парақорлықты көрсеңіз жергілікті органдарға және ақпарат көздеріне хабар беріңіздер.

Адамгершілік, әділеттілік туралы мақал-мәтелдер .

*Қазақстанның отбасы күніне арналған
«XXI ғасырдағы қазақстандық ата-ана: өз балаңа үлгі бол».
1-11 сынып оқушыларының ата-аналарына психология-педагогикалық көмек
Республикалық ата-аналар конференциясынан көрініс*



№63 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ

Сыбайлас Жемқорлыққа- жол жоқ!

Жемқорлық



Өткізген: Г.Калиева

2018-2019 оқу жылы

Мемлекеттік
қызметі

Мақсаты:

- 1. “Сыбайлас-жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру.
- 2. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту
- 3. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу. Патриоттық тәрбие қалыптасады

Көрнекілігі: слайдтар,



“Сыбайлас-жемқорлық” деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны “параға сатып алу”, “пара” ретінде, "corruptio" деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ "corruptio" түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда “сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу” деген түсінік берген де, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген.

Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттік құрылымдардың экономика аясында қылмысты құрылымдармен біте қайнасуы, сондай-ақ мемлекеттегі лауазымды адамдардың, қоғамдық және саяси қайраткерлердің сатылғыштығы, парақорлығы. Өзінің қызметтік мәртебесі мен өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де бейқызметтік мүдделер үшін пайдалану жолымен жеке игіліктерді алу әрекетінен көрініс табады. ҚР Қылмыстық кодексінің өкілеттіктерді теріс пайдалану (228-бап), коммерциялық сатып алу (231-бап), қызмет өкілеттігін теріс пайдалану (307-бап), билікті немесе қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану (308-бап), пара алу (311-бап), қылмыстық жалғандық жасау (314-бап) туралы лауазымдық қылмыс нормалары ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нормалары болып табылады. Қазақстанда сондай-ақ сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық, тәртіптік, әкімшілік жауапкершілікті реттейтін арнайы нормативтік-құқықтық актілер де қабылданды. Оларға “Мемлекеттік қызмет туралы” (1995) және “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы” (1998) ҚР заңдары жатады. Сонымен қатар осы саладағы ынтымақтастық туралы халықаралық актілер де бар.

Оқушылар үш топқа бөлінеді.

I кезең «Себебі»... Оқушылар үш минут көлемінде сыбайлас жемқорлықтың себептерін жазады. Әр себепке 1 ұпай. Мысалы; шарасыздық, төменгі жалақы, әдет, табысқа оңай қол жеткізу, жұмыссыздық, т.б.

II кезең «Ребус»... Бұл бөлімде оқушылар ребустағы сөздерді шешіп мағынасын ашады.

1топ. Арап. Пара-ақшалай немесе заттай берілетін сыйақы түрі

2топ-Екरोылқмж. Жемқорлық-мемлекеттік қызмет аясында жүрген шенеуліктердің сатылуы, экономика саласының қылмыстық іспен байланысы.

3топ-Уалсабоп Бопсалау-өз пайдасы үшін басқа бір адамдардың құпиясын пайдалану.

III кезең «Жағдаяттар»

1топ- Мас күйінде көлік айдаған жүргізушіге жол ережесін бұзғаны үшін айыппұл төлетудің орнына жол полициясы пара алып, оны босатып жіберді.

2топ-Пациенттерге тегін медициналық дәрі тарататын мемлекеттік қызметкер , дәрілердің жартысын пайдасын өсіру үшін жеке дәріханаларға сатып жіберді.

3топ- Бас дәрігер екіұшты оймен пациентке жедел ота керек екенін, бірақ оны жалпы ширекпен күтсе көп уақыт кететінін айтты.

IV кезең «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!»...

5 минут көлемінде әр топ осы тақырыпта постер қорғау.

Қорытынды. Ұпайларды санап жеңіске жеткен топты анықтау. «Мемлекет пен қоғам жемқорлыққа қарсы күресетін бір күш болуға тиіс. Жемқорлық – жай құқық бұзушылық емес. Ол мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді сетінетеді және ұлттық қауіпсіздікке төнген тікелей қатер болып саналады. Біз түпкі мақсатымыз – жемқорлықты құбылыс ретінде жою үшін жемқорлыққа қарсы заңнамаларды жетілдіру арқылы жемқорлықпен күресті қатты күшейтуіміз керек» Елбасы Н.Ә.Назарбаев. Осы сөзбен тәрбие сағатымызды аяқтаймыз

